

***А. Сахарбай, Ғылыми-зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді зерттеу бойынша орталықтың бастығы, заң ғылымдарының магистрі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)***

## **БОЛАШАҒЫ БІРТҰТАС ЕЛ ҚҰРУДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІН ТИІМДІ РЕФОРМАЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметі өздерінің тағайындалуларына орай әрқашан да әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін, қауіпсіздіктерін қорғауға бағытталады. Сонымен қатар, қоғамда орын алып отыратын құқыққа қайшы әрекеттерге қатысты алдын алуға, жолын кесуге және әшкерелеуге байланысты қызметін жүзеге асырып отырады. Құқық қорғау органдарының жүйесі Кеңес дәуірінен бері өз қалыбын ұстап қалған. Қоғамда азаматтардың жаппай құқыққа қайшы әрекеттерге жол беру барысында құқық қорғау органдары қатаң сынақ жағдайларына тап болатыны орын алған жағдайлар куәлік етеді. Елдің құқық қорғау органдары жүйесіне «Азаматқа не болса да зиян келтірмеу» қағидасын түбегейлі енгізіп, жүйені осы тұста заман талабына сай тиімді реформалаудан өткізу уақыты жеткен секілді. Өткені, қабылданған «100 НАҚТЫ ҚАДАМ – ҰЛТ ЖОСПАРЫ» аталмыш мәселелерді шешуді қарастырып отыр.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» Стратегиялық бағдарламасында әлемдегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына ену бастамасы халыққа ерекше серпін берді. Осы мұрат-мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекет басшысы «100 нақты қадам» ұлттық жоспарын ұсынды. Ұлт Жоспарының кіріспесінде: «100 нақты қадам» — жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары» екені атап көрсетілді. «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру», «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету», «Индустрияландыру және экономикалық өсім», «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» деп аталатын бөлімдерден тұратын ресми құжаттың мемлекет дамуының алдағы уақыттағы 100 нақты қадамы айқындалған.

Аталған бағдарлама еліміздің бірлігін нығайтуға, жолдан адаспай мемлекетіміздің нығайып, әрмен қарай дамуға нық қадамдар жасауға бағыттап отыр. Бағдарламада барлық салаларға егжей-тегжей тоқталып, әрқайсысына бағам беріп, бағыттары айқындалып берілген. Оның ішінде жоғарыда аталғандай құқық қорғау саласы Елбасының назарынан тыс қалмады. Жаһандық полицияға қажетті құқық қорғау қызметіне деген сенімін арттыру үшін басты мәселелер көтеріліп, нақты міндеттер айқындалды.

Нақтырақ айтсақ, 28 қадам — құқық қорғау қызметкерлерін іскерлік қабілеттері негізінде іріктеу жүйесін жақсарту мәселесі көтерілді<sup>1</sup>. Полиция қызметкерлерінің кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін қазіргі уақытта жұмысқа қабылдаған уақытта, қызметке тағайындау мен аттестациядан өту үшін тестілеудің арнайы жүйесін енгізу тапсырмасы берілді. Аталған тапсырманы орындауда азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейту, заңдылық пен тәртіпті нығайту сияқты шаралар қабылдануда. Ерекше жағдай ретінде ішкі істер органдарында қызметкерлерді іріктеуде полиграфиялық зерделеуден өткізу технологиясы қолданысқа енгізу мәселесі танылды. Қазіргі уақытта бұл жүйе полиция қызметкерлерінің жеткізіп отырған ақпаратының растығын тексеру мен жасырып отырған фактілерді анықтаудың жалғыз құралы болып табылады. Полиграфпен жүргізілген сауалнама үміткердің заңға қайшы істерге қатыстылығын, қылмысқа байланысы бар-жоғын, сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін анықтайды.

«Ұлт Жоспары — 100 нақты қадам» бағдарламасында айтылған келесі мәселе — жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қауымдастыққа есеп беретін жергілікті полиция қызметін құру тапсырмасы жатады. Осыған байланысты ІІМ жергілікті полиция қызметінің заңнама тұрғысынан бекітуді қарастыратын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заң жобасының қабылдануы болып

табылады. Қазіргі таңда жергілікті полиция қызметі қоғамдық тәртіпті күзету, жол қауіпсіздігін және тұрмыстық қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі міндеттерді іске асыру үстінде. Жергілікті полицияның қызметіне халық өз бағасын беріп, кем-тетіктерін айтып ұсыныстар білдіреді. Қазіргі таңда полицейлердің үстінен шағымданушылар, қызметтеріне көңілі толмайтындардың саны жетерлік. Осы мәселені шешуде ПМ барлық келіп түскен әр азаматтың шағымын тыс қалдырмай, тиісті қызметтік тексерулер жүргізіп, Қоғамдық кеңес, Тәртіптік кеңес белсенді түрде өз жұмыстарын атқаруда. Өз кезегінде бұл жаңалықтар құқық қорғау органдарының жүйесін тиімді реформалаудың басты көріністері.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ПМ ведомстволық оқу орны түлектерінің кәсіби бейімдеуді арттыру тиімділігі мәселесін ерекше атап өту керек. Бұл мәселені қарастыру кәсіби кадрлардың санын арттыруға, заңдылықтың үстемдігін кеңейту, қоғамның құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыруға өз үлесін қосады. Құқық қорғау органдарына жаңа қызметке келіп түсетіндер мен қызметтегі полицейлерді тұлғалық тексеру мен кәсіби дағдысын тексеру үшін арнайы тестілеу жүйесін енгізу арқылы біз қызметкерлерді жұмысқа алу жүйесін жақсартуға және сапалы болуына қол жеткізетініміз анық. Оған қоса тәлімгерлер институты туралы ұмытпауымыз қажет, өйткені құқық қорғау органдары қызметкерінің қалыптасуында тәлімгерлердің алатын орны ерекше. Нақты айтқанда тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби дағдылары қызмет өту барысында енеді. Тәлімгерлер институты шынайылыққа, тәртіпке, танымдылыққа, тәуелділікке тәрбиелеуге өз септігін тигізеді. Бұл жағдайда біздің ортақ мақсатымыз полиция қызметкерлерінің этикалық норманы бұзбауына жол бермеу болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін бүгінгі таңда заман талабына сай жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында, оның ішінде қылмыстылықты алдын алуда адамдардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздікті сақтау мәселелері негізгі орынға ие екендігі анық. Дүниежүзілік яғни, әлемдік стандарттарға жауап беретіндей құқық қорғау органдарының жүйесінің құқықтық негізін орнықтыра отырып нормативтік-құқықтық актілерді сәйкестендіру қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. А. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құқық қорғау органдарының барлық немесе жеке дара әр маусым сайын немесе кезектен тыс қайта аттестаттау жүзеге асырылуы орынды. Халықаралық ынтымақтастық қарым-қатынасының арқасында жеткізілген табыстар өзінің дұрыс нәтижелерінің барысында құқық қорғау органдарының ТМД мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен, сонымен қатар азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасасуда. Осыған орай аталмыш бағдарламада көрсетілгендей Координациялық кеңестің негізгі мақсаттары мыналар:

– құқықтық реттеу мен оны жетілдіру, төменгі сатыдағы құқық қорғау құрылымының жұмысын үйлестіру болып табылады;

– жалпы мемлекет бойынша аса ауыр немесе ауыр қылмыстардың алдын алуда кешенді іс-шараны жүзеге асыру, мемлекеттік органдар мен қоғамдық мекемелерді тартып, бірлесе отырып қылмыстарға талдау жасау;

– қылмыстылықпен күресудің, оларды ашу мен жауаптылыққа тарту болашақ стратегиясын ойластыру болып табылады;

– ұйымдасқан қылмыстық топтармен қауымдастықтардың қылмыстылығын, терроризмді, есірткі бизнесін, сыбайлас жемқорлықты, заңсыз қаржы жылыстатуды, экономикалық қылмыстылықты, заңсыз көші-қонды алдын алу мақсаттарында бірлесе отырып іс-шараны өңдеу;

– көзделген мақсаттарға қол жеткізуге байланысты әдістемелік нұсқауларды әзірлеп дайындау және оларды жүзеге асыру бойынша шаралар ұйымдастыру;

– заңдарды қолдануда немесе іс-тәжірибеде заңдарды қалыптастыруда заман талабын ескеріп замануи қажетті нормаларды енгізуге.

Келешекте еліміздің әрбір азаматы құқық қорғау органдарының қайсыбір қызметкерін көру барысында оның бойында қорқыныш, сенімсіздік немесе жеккөрушілік сезімдері емес, керісінше сенімділік, абырой, құрмет, беделділік және әрқашанда қауіпсіздіктің нышаны ретінде көрінетін ойлар ұялату — қазіргі уақыттағы құқық қорғау органдарының жүйесін тиімді реформалаудың негізгі мақсаттарының бірі болуы шарт.

---

i «Мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы» Ұлт Жоспары // Егемен Қазақстан.  
2016. қаңтар.